Цель данного учебного курса – развитие коммуникативной компетенции, необходимой для эффективной языковой коммуникации в академической и профессиональной среде.

В соответствии с вышеуказанной целью данный курс также носит коммуникативно-ориентированный характер и предполагает развитие уже имеющихся навыков и умений, а также подготовку студентов к самостоятельному практическому использованию приобретенных знаний по языку в процессе обучения в университете. Особое внимание уделяется развитию умений и навыков чтения и письма, овладению специальной терминологией, умению воспринимать, анализировать и организовать информацию в соответствии со спецификой письменной и устной академической речи.

Учебные задачи дисциплины предпо-

лагают освоение следующих компетенций:

Чтение:

– зрелое владение всеми видами чтения оригинальной литературы информационного, научно-популярного, публицистического жанров, а именно:

– ознакомительное чтение со скоростью 180-200 слов/мин без словаря; количество неизвестных слов не превышает 4-5% по отношению к общему количеству слов в тексте;

– изучающее чтение – количество неизвестных слов не превышает 8% по отношению к общему количеству слов в тексте; допускается использование словаря;

– понимание структуры текста и его жанровых особенностей;

– формирование и развитие навыков и умений работы с оригинальной литературой научного характера (отрывки из научных статей, докладов, рефератов, монографий).

Аудирование и говорение:

– аудирование с целью получения общей и детальной информации (выступления на конференциях, лекции, вебинары);

– оценка значимости полученной информации;

– овладение навыками монологической, диалогической и полилогической речи академической направленности:

– построение целостных, связных и логичных высказываний на основе понимания различных видов текстов при чтении и аудировании;

– умение аргументировано и с использованием специальной лексики излагать точку зрения по заданной проблематике;

– умение кратко и с использованием соответствующих клише описывать иллюстрации, схемы, графики, диаграммы;

– овладение умениями и навыками проведения хорошо структурированной презентации на научную / исследовательскую тему с использованием аудио- и видеоматериалов.

Письмо:

– умение грамотно фиксировать информацию при аудировании (в том числе в форме конспекта);

– написание реферата, аннотации и рецензии на прочитанный текст;

– составление развернутого описания графических материалов (таблицы, схемы, графика, диаграммы);

– написание эссе с заданной структурой (разделение на параграфы, аргументация, главная мысль и вспомогательные идеи, логика изложения, когерентность);

– написание доклада на научную тему (с использованием структур обобщения, определения, описания процесса и процедуры, сравнения и противопоставления, причины и следствия, наличие примеров, классификация, интерпретация данных).

Уровень 3: Обучение языку для профессиональных целей (English/Kazakh/Russian for Specific Purposes).

Программа данного курса обучения предназначена для развития профессиональной-лингвистической компетенции студентов в разрезе их специализации. На аудиторных занятиях студенты знакомятся со стилем, формами, лексикой, грамматическими структурами, присущими профессиональной форме общения, и с базовой профессиональной терминологией соответственно своей специализации.

В аудитории развиваются такие навыки, как:

- использование терминологического минимума для восприятия устной речи и свободного выражения своих мыслей на казахском, русском и английском языках в рамках тематики, обусловленной общей программой курса;

- умение фиксировать нужную информацию при аудировании;

- владение техникой различных видов чтения текстов на профессиональные темы (ознакомительного, поискового) и извлечения информации с различной степенью полноты и точности;

- владение техникой различных видов письменного выражения мыслей, необходимого в работе специалистов различного

го направления.

Таким образом, предложенное авторами трехуровневое обучение языкам имеет общие принципы и систему развития полиязычной компетенции.

В настоящее время существуют современные педагогические технологии и интерактивные методы обучения языкам, которые нацелены на развитие практических навыков обучающихся и продуктивное использование полученных знаний в будущей профессиональной деятельности. К ним, например, относятся и дистанционные методы обучения или онлайн-обучение языкам, которое согласно предлагаемой концепции можно начинать частично с уровня выше среднего, т.е. с обучения языку для академических целей с переходом на продвинутый уровень, т.е. с обучения языку для профессиональных целей. При этом онлайн-обучение можно начинать проводить полностью с продвинутого уровня. Необходимо подчеркнуть также, что в Казахстане онлайн-обучение или дистанционная технология обучения в целом развивается согласно следующим принципам: принцип интерактивности, принцип открытости, принцип гибкости, принцип адаптивности, принцип передаваемости, принцип сознательности и активности, принцип систематичности и последовательности. Рассмотрим некоторые из них. Например, принцип интерактивности связан с использованием цифровых технологий в обучении и содействует дальнейшему использованию информационных технологий в процессе

обучения; принцип открытости образования означает свободу выбора индивидуальной образовательной траектории, т.е. обучаемый задействован в составлении собственного индивидуального учебного плана. Следующий принцип – это принцип сознательности и активности, т.е. студент сознательно и отчетливо представляет цели и значения своей учебной деятельности, овладевает приемами этой деятельности, приобретает способность к самоконтролю. Принцип систематичности и последовательности предполагает овладение научными знаниями, умениями и навыками в определенном порядке с точки зрения расположения и подачи материала, что, в свою очередь, позволяет создавать в сознании обучаемых определенную структуру.

Выводы

Актуальность и теоретико-практическая значимость представленной концепции по обучению языкам обусловлена процессом модернизации высшего и послевузовского образования, изменениями в системе высшего образования, связанными с необходимостью помочь преподавателям казахского, русского и английского языков успешно адаптироваться к новым условиям реализации образовательной деятельности, соответствующим стандартам полиязычия, в освоении новых знаний и инновационных технологий, появившихся в последние годы в области теории и методики преподавания языков в Казахстане и за рубежом.

ЛИТЕРАТУРА

1. Назарбаев Н. План нации – 100 шагов по реализации пяти институциональных реформ Н.Назарбаева. // https://www.inform.kz/kz/plan-nacii-100-shagov-po-realizacii-pyati-institucional-nyh-reform-n-nazarbaeva_a2777943
2. Жаркынбекова С., Аймольдина А., Акинова Д., Абаидилда А., Кузар З. Роль многоязычного образования в процессе формирования казахстанской идентичности. Методика – социальные и поведенческие науки. – 2014. – С. 143, 217-221.
3. Жетписбаева, Б. Педагогические индикаторы полиязычного образования // Сибирский педагогический журнал. – 2008. – №13. – С. 269-273.

REFERENCES

1. Nazarbayev N. 100 concrete steps to implement the five institutional reforms. // https://www.inform.kz/kz/plan-nacii-100-shagov-po-realizacii-pyati-institucional-nyh-reform-n-nazarbaeva_a2777943
2. Zharkynbekova S., Aimoldina A., Akynova D., Abaidilda A., Kuzar Z. The role of multilingual education in the process of Kazakhstani identity formation. *Procedia – Social and Behavioral Sciences*. – 2014. – P. 143, 217-221.
3. Zhetpisbayeva, B. Pedagogical Indicators of Polyglot Education // *Siberian Pedagogical Journal*. – 2008. – No.13. – P. 269-273.

ЖУМАЛИЕВА Р.З., СЮРМЕН О.В., ДЖАНДИЛЬДИНОВ М.К. ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ІТ МАМАНЫН ДАЙЫНДАУДАҒЫ КӨПТІЛДІЛІК

Қазіргі таңда қазақстандық білім беру жүйесінде, оның ішінде жоғары білім жүйесінде көптілділік тұжырымдамасы ендірілуде. Сонымен қатар, көптілділікке оқыту жүйесінің принциптері әлі қалыптасу процесінде және тілдерді оқыту саласындағы сарапшылар тарапынан кеңінен талқылануда. Бұл мақалада түрлі қарым-қатынас жағдайларда бірнеше тілдің тең дәрежеде қолдану білік пен дағдыны дамытуды қарастыратын көптілділік күзіндетін дамытудың жалпы әдістемесі ұсынылады. Біздің елімізде көптілділік тұжырымдамасы үш және одан да көп тілді игеруді қарастырады: ана тілін, қазақ тілін – мемлекеттік тілді, орыс тілін – Қазақстанда ұлтаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілін – қазіргі уақытта халықаралық қарым-қатынас тілі, сондай-ақ, кез келген басқа да шет тілдерін. Мемлекеттің стратегиялық дамуы үшін ең бастысы болып – қазақ, орыс және ағылшын тілдері табылатынын атап өткен жөн. Сүлейман Демирел атындағы университет базасында жүзеге асырылып отырған «Отандық білім беруді жаңғырту жағдайында көптілді ІТ маманының күзінретті инновациялық моделін әзірлеу және енгізу» грант жобасының аясында білікті және бәсекеге қабілетті ІТ маманын даярлаудағы негізгі мәселелерді шешуге бағытталған көптілділік тұжырымдамасы ұсынылады.

Кілтті сөздер: инновациялық күзінреттілік моделі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің үш деңгейлі жүйесі, ІТ маманы.

ZHUMALIEVA R., SYURMEN O., JANDILDINOV M. MULTILINGUALISM IN TEACHING COMPETENT IT-SPECIALISTS AT TERTIARY LEVEL

Today, multilingualism is being widely introduced into the Kazakhstani system of education at all levels. However, the system of principles of teaching in multiple languages is still under formation and is widely discussed by language teaching specialists. The article proposes a general methodology of developing multilingual competence through the development of skills and abilities of equal usage of several languages in various communicative situations. The conception of multilingualism in Kazakhstan means the ability to speak three or more languages: native Kazakh as a state language, Russian as the language of interethnic communication in Kazakhstan, and English as the language of international communication, as well as any other foreign languages. Kazakh, Russian and English have the most priority for strategic development of the country. The concept of multilingualism aimed at solving the main problems and tasks related with training qualified and competitive multilingual IT professionals is proposed in the framework of a grant project “Development and implementation of an innovative competence model of a multilingual IT professional in the settings of modernization of national education” as is now implemented at Suleiman Demirel University.

Keywords: innovative competence model, tertiary system of education, IT specialist.

ӘОЖ 378

А.К. ЖЕКЕМБИНОВА¹, Д. ЕРТАРҒЫНҚЫЗЫ², Д.И. МУХАТАЕВА²¹ Тараз мемлекеттік педагогикалық университеті² әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті**АКАДЕМИЯЛЫҚ ЖАЗУ – ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ
ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ
ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ**

Мақалада академиялық жазу негізінде әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастыру мәселесі қаралады. Авторлар шетелдік тәжірибеге шолу жасай отырып, академиялық сауаттылық, академиялық жазу терминдерінің мәнін ашады. Сонымен қатар, студенттердің ғылыми-зерттеу дағдыларын дамытудың британдық, америкалық үлгілерінен мысал келтіре отырып, тиімділігін талқылайды.

Авторлар жалпы студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастырудың әдіснамасын кеңінен қарастырады, теориялық негізін саралайды. Сонымен қатар, мәтін негізінде студенттердің зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған ресейлік және британдық авторлардың теорияларын талқылайды. Шетелдік университеттерде қарастырылған EAP (English for Academic Purpose) курстарының мақсатын ашып, қазақстандық университеттерде студенттердің зерттеушілік құзіреттілігін қалыптастырудағы тиімділігін негіздейді.

Мақалада университет студенттерінің зерттеу дағдыларын дамытуда қолданылатын қазақстандық және британдық үлгілері салыстырылып, академиялық жазу (академиялық эссе) негізінде білім деңгейін бағалаудың, зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастырудың тиімділігін көрсетеді. Отандық университеттерде қарастырылған ағылшын тілінде оқытылатын элективті курстардың мазмұнын қайта қарастырып, бір жүйеге келтіру мақсатында «Academic Writing for Research» курсы ұсынады.

Кілтті сөздер: әлеуметтік педагог, зерттеушілік құзіреттілік, академиялық сауаттылық, академиялық жазу.

Кіріспе

Жаңа технологиялардың дамуы және «жаңа бұқаралық ақпарат құралдарының революциясы» (new media revolution) қарым-қатынастың мәтіндік, жазбаша формаларының басымдығы түбегейлі өзгерістерге алып келді. Осы мәселеге арналған көптеген халықаралық пәнаралық зерттеудің нәтижесінде жаңа мыңжылдықта сауаттылықтың жаңа тұжырымдамасы пайда болды. Ол әртүрлі мәтіндік және сандық ақпаратты өңдеу мен сыни ойлауға және соның арқасында кәсіби қоғамдастық пен жалпы қоғам үшін қызметтік, практикалық мәні бар жаңа білім құруға мүмкіндік беретін аналитикалық біліктер кешенін

қамтиды. Бұл тұжырымдаудың маңызды салдары «сандық сауаттылық» (digital literacy) ұғымы және оның «академиялық сауаттылық» (academic literacy) ұғымына иерархиялы бағыныштылығы болды. Жаңа ұрпақта сандық сауаттылықтың дамуы өмір сүру барысында қалыптасатыны анық көрінді, ал академиялық сауаттылықты игеру тек білім беру жүйесінде ғана мүмкін екендігі анықталды. Сондай-ақ жастардың академиялық сауаттылықты игермей сандық ресурсты білікті қолдануы олардың ХХІ ғасыр қоғамындағы сәтті әлеуметтенуге қабілетсіз болатыны да анық көрінді. Осылайша, академиялық сауаттылық білім беруді дамытудың жаңа

бағытын анықтай бастады және дамыған елдердің білім беру жүйесі реформасының негізіне қаланды. Бұл пікірталастан қазақстандық білім беру де тыс қалған жоқ. Екі онжылдық бойы Қазақстанда ақпараттық технологиялардың рөлі мен білім беру туралы тұрақталған дәстүрлі көзқарастарды қайта ойластыру бойынша жұмыс қарқынды жүргізілді. PISA сияқты көлемді халықаралық зерттеу жобасы білім беру жүйесінің құрылымын өзгертуге, оны жаңа әлеуметтік-экономикалық қатынас шегіне қосуға икемдеді. Қазір зерттеулер, конференциялар мен жобалар білім беру сапасына, қазақстандық білім беру бағдарламаларының халықаралық талаптарға сәйкес келу мәселесі мен жаңа стандарттарды ендіруге арналмақ. Дегенмен Батыста білім беру реформасының негізінде жатқан сауаттылық сұрақтары бойынша пікірталастар осы уақытқа дейін қазақстандық мамандардың назарынан тыс қалып қойған, сонымен қатар академиялық сауаттылық туралы көзқарас мүлде дамымаған. Дәстүрлі қазақстандық білім беру жүйесі көптеген онжылдықтан бүгінге дейін ақпаратты түсінуге емес, есте сақтауға, оқулық пен оқытушының сөзін қайталауға, жауапты өз бетінше іздеуге емес, дайын ақпаратты пайдалануға, эссеге емес, ауызша емтиханға негізделген. Қазақстанда академиялық сауаттылық туралы көзқарас қана емес, өз бетінше жазу білігін дамыту бойынша қандай да бір жүйе, яғни жеке дәлелденген және логикалық реттегі мәтін жасау білігін дамыту жүйесі дамымаған.

Қазақстанда академиялық жазудың басқа түрі – академиялық сауаттылық біліктерін кешенді дамыту жүйесіндегі арнайы бағдарламаларын жасау мен ендірудің қажеттілігі анық, себебі мұндай типтес бағдарламаларсыз сәйкес нәтиже алу мүмкін емес. Өз кезегінде, бұл жұмыс қажетті әдіснамалық құралдар мен оны сипаттаушы терминологияны ендіруді талап етеді және де бұл жүйені

мамандардың деңгейлеп ендіруін қажет етеді.

Негізгі бөлім

Академиялық сауаттылық терминінің мәнін ашу мақсатында тарихи даму кезеңдеріне шолу жасау қажеттілігі туындайды. Академиялық сауаттылық терминінің мәнін ашатын алғашқы еңбек 1985 жылы Б.С.Мучниктің «Адам және мәтін: Жазбаша сөз мәдениетінің негіздері» [1] теориясымен тығыз байланысты. Бұл зерттеуде ғалым академиялық жазуды жетілдірудің міндетті қажеттілігін анықтаған мәселелерді алғаш рет құрастырады:

- * Сөздік қателердің елеулі санының әйгілі баспаларға енуі;

- * Ғылыми негізделген, нақты критерийлерінің жоқтығынан қолжазбаларды редакциялау практикасындағы қиындықтар;

- * Педагогтардың ЖОО практикалық стилистиканы оқытудың мазмұндық аспектісіне қанағаттанбауы;

- * Жазу дағдыларын жоспарлы қалыптастыруға қажетті тапсырмалардың болмауы;

- * Мәтінді жетілдіру саласында нұсқау дайындайтын зерттеушілерде зерттеу әдіснамасы мен әдістемесінің жасалмағанына байланысты қиындықтар.

1980 жылдардың соңына қарай ғылыми мәтінді талдаудың функционалды-стилистикалық тұғыры атты практикалық стилистиканың тағы бір бағыты қалыптасты (Е.А.Баженова, А.Г.Баранов, И.С.Бедрина, М.Н.Кожина, М.П.Котюрова, Е.С.Кубрякова және т.б. [2-5]). Оның негізіне келесі негізгі принциптер қаланды:

- * Білім өнімі ретінде мәтіннің біртұтастығы;

- * Мәтіндік іс-әрекет үдерісінің динамикалы сипаты;

- * Мәтіндік іс-әрекеттің лингвистикалық және экстралингвистикалық бірлігі.

Кәсіби мәнмәтінде мәтіндік іс-әрекет біртұтас мәтіндер арқылы қарым-қатынас жасауды қарастыратындықтан,

Т.М.Дридзе мәтіннің макроқұрылымы мен микроқұрылымын ажыратып алға қарай маңызды қадам жасайды. Макроқұрылым иерархиялы әртүрлі реттегі мағыналық блоктар ретінде түсіндірілсе, микроқұрылым мәтіннің тірек мағыналық түйіндері көрінетін мәтінішілік байланыстардың толық жинағы ретінде [6, с.87] қарастырылды. Мәтінді екі әртүрлі деңгейдегі құрылым ретінде қарастыру және иерархиялық мағыналық блоктарды ажырату Т.М.Дридзенің жұмысын теориялық аспектіде мәтінді шетелдік зерттеулерге жақындатады.

Мәтінді біртұтас ретінде қарастыру қажеттілігін пәнаралық қана емес, сонымен қатар халықаралық зерттеулер де көрсетеді. Кәсіби, ғылыми және академиялық жазу мәселелерімен айналысып жүрген шетелдік зерттеушілердің көзқарасы бойынша (Р.Р.Джордан, К.Кэндлин, М.Ли, С.Митчелл, Дж.Морли, Г.Плам, Б.Стрит, К.Хайлэнд, Л.Хэмп-Лайонс және т.б.), мәтін автор іс-әрекетінің өнімі ретінде өзін авторлық тілдік сауаттылығы мен ана тілінде жазу білігі және пән саласының ерекшелігін түсіну, өзінің идеяларын реттеп және ұйымдастыра алу мен оларды нақты әлеуметтік мәдени жағдайлардың, әлеуетті оқырманның қызығушылығын сенімді мазмұндауды қамтитын күрделі бірегей жүйе ретінде көрсетеді. Осылай, К.Н.Кэндлин мен К.Хайлэнд: «Мәтінде түсіну үшін көптеген әртүрлі аспектіні ескеру талап етілетін көпөлшемді құрастыру қажет. Осыған орай білімді өңдеу барысында мәтінді жасауды жазудан бөлек қарастыру қате болды, сол сияқты оны өзі жүріп жатқан арнайы жағдайлардан да, жазудың қандай да бір жағдаятын шартты деп санайтын институционалдық және әлеуметтік-тарихи мәнмәтіндерден тыс қарастыру қате», – деп анықтайды [7, с. 2].

Осылайша, мәтін жазу өнімі (белгілі бір формасы мен мазмұны бар) және жазу мәнмәтіні (белгілі бір әлеуметтік

мақсаттар мен шарттар) ретіндегі ажырамас бірлікті білдіреді. Мұндай интерпретацияда жазудың әрбір акт зерттеушілік іс-әрекеттің әртүрлі мақсаты мен автордың сол мақсатты іске асыру қабілетіне күрделі тәуелділікте болады. Мұның барлығы кәсіби, ресми, ғылыми немесе академиялық мәтіндер жазу білігі лексико-грамматикалық және функционалдық, сонымен қатар когнитивті және зерттеушілік арнайы білім, біліктер мен дағдылардың біртұтас кешеніне байланысты екенін ұйғарады.

Осы пікірсайыстардың нәтижесінде шетелдік зерттеушілердің көпшілігі жазудың автономдық үлгісінің артықшылығын мойындады, сондықтан академиялық жазу біліктерін дамыту бойынша университеттер мен колледждерде кеңінен қолданылатын қазіргі оқу құралдары соған негізделген.

Шетелдік ғылыми әдебиеттерде «академиялық сауаттылық» термині әртүрлі түсіндірілетініне қарамастан, зерттеушілер белгілі бір дағдылар мен біліктердің кешені екенін бірден қабылдайды. И.Леки [8] академиялық сауаттылықтың кілттік атрибуттары сыни және рефлексиялық ойлау, жеке өзіндік оқуға қабілеттілік және өзін әлемдік академиялық қоғамның бөлігі ретінде қабылдауды жатқызады. Дж.Брэйн [9] бұл тізімге университеттің академиялық мәдениетін, студент зерттеушілік дағдыларды оқитын елдегі тілдік және әлеуметтік ортаны қосады. Б.Грин [10] құзыреттілік түсінігін қолданып, академиялық сауаттылықтың негізгі үш аспектісін ажыратады: тілдік жазбаша (операционалдық компонент), дискурсивті және мәдени (мәдени) және сыни, оның астарында білімді түсіну мен өңдеуден көрінеді. Академиялық сауаттылықтың (әрі қарай АС) маңыздылығын атай келе, К.Хайланд пен Л. Хэмп-Лайонс [11, 12] оны академиялық ортада сәтті болудың кілттік шарты санайды. Америкалық білім беру жүйесінде, АС анықтаудың

кең таралған тұғырына сәйкес, сауатты студент оқуға және жазуға, тыңдауға және өзінің пікірін білдіруге, сыни ойлауға, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға, үлгілі оқу дағдылары мен академиялық прогрессті көрсетуге қабілетті [13]. Бұл күзиреттіліктер жоғары оқу орнында студент оқитын барлық пән шегінде дамитыны ұйғарылады [14], яғни АС қалыптасуы мен оның барлық құрауышының дамуы білім беру мақсаттарының бірі ретінде қарастырылады. Мұнда кілттік күзиреттілік академиялық жазу болып табылады.

Мәтіндік іс-әрекетті модельдеу кең таралымы академиялық жазудың (Academic Writing) шетелдік теориясы мен әдіснамасынан бастау алды. Академиялық жазу – оқу пәні, ол академиялық сауаттылық дағдылары мен біліктерін дамытуға бағытталған (academic literacy) [15, 16], басқа пәндер кешені (академиялық оқу, пікірсайыс дағдылары, дәрісті тыңдау білігі, семинарларға қатысу және т.б. сияқты) құрамына енеді. Академиялық жазу ғылыми, кәсіби, зерттеушілік мәтіндерді жазу білігін дамытуға бағытталған, арнайы және академиялық мақсатта тілді оқыту теориясы мен әдістемесіне негізделеді [17-20], ал бұл өз кезегінде мамандардың зерттеушілік күзиреттілігін қалыптастырады.

Академиялық жазу бойынша көптеген оқу-әдістемелік құралда [21-25] мәтіндік іс-әрекет үш аспектілердің бірлігінде қарастырылады: жазудың эпистемиялық қызметі, формасы және мазмұны құрастырылатын «қаңқа» сияқты макроқұрылымы. Аталған аспектілерге сәйкес Л.Д.Латулипп [26, 27] жазуды сипаттайтын нақты құрылымды ұсынды:

* Мақсаттарға сәйкес: жазу форматтары;

* Технологияларға сәйкес: жазу формалары;

* Құралдарға сәйкес: жазуды өлшеу;

* Үдеріс ретінде: жазу сатылары.

Жазу форматтары академиялық, практикалық және жеке форматты қамтиды. Жазудың академиялық форматы эссе, зерттеушілік жұмыс, кәсіби, ғылыми және т.б. мәтінді қамтиды және келесі формаларға ие болады: дескриптивті жазу; Хабарлама жазу; Ақпараттық жазу (оқырманға мәліметтерді хабарлау); Сендіруші жазу (оқыrmанды әрекетке түрткілеу, ойлаудың өзгеруі және т.б.) [26, с. 15].

Байланысқан, біртұтас және ұйымдастырылған мәтін жазу үшін құралдардың кем дегенде үш типі қажет: Л.Д.Латулипп оларды: «Горизонтальді», «вертикальді» және «контурлық», – деп атайды. «Горизонтальді» дегеніміздің астарында грамматикалық (синтаксистік құрастыру, күрделі сөйлем құрылымы, ауысу сигналдары, байланыстар және т.б.) құралдарды қолдана алу білігі түсіндіріледі; «Вертикальді» біліктер деген – сәйкес лексиканы (сөз тіркестері, идиомалар, терминдер және т.б.) дәл және тиімді қолдану біліктері, ал «контурлық» біліктерге мәтінде идеяларды өзара біріктіре алу, абзацтарды, бөлімдерді, бөлімшелерді және т.б. реттеп және ұйымдастыра алу біліктері жатады. Л.Латулипп бұл біліктерді: «Үшінші өлшемдегі жазу біліктері» немесе «жазудың 3-D біліктері», – деп атайды [27, б. 15-16], өйткені дәл осы біліктер жазу үдерісінде автордың ойлау іс-әрекетін белсендіреді, ал ол академиялық жазуға алып келеді. Жазу құралдары модель түрінде ұсынылған.

Контурлық біліктердің модельдің жоғарғы бұрышында орналасуы принципті мағынаға ие: мұнда идеялар генерацияланады, кейін лексикалық біліктерді қолдану арқылы сөздік форманы алады және сол сөздік формалар грамматикалық біліктерді қолдану негізінде біртіндеп сөйлем болып құрылады. Үдеріс ретінде жазу практикасын игеру үшін жазудың оқу құралдары авторларының көпшілігін ерекшелейтін төрт негізгі сатысынан тұратын әрекеттер

сериясын іске қосуға мүмкіндік беретін біліктерді игеру қажет [28, 29]: идеялар генерациясы, мәтінді құрылымдау, бастапқы нұсқаны жазу және түзету.

Бұл сатылардың реттілігінің көрінуіне

Контурлық біліктер
(идеялар байланысы, ұйымдастыру)



Грамматикалық біліктер
(ережелер, келісу, құрылымдар)

Лексикалық біліктер
(сөз тіркестері, терминдер, идиомалар)

Сурет 2 – Жазу құралдары: Л.Д.Латулипп бойынша академиялық жазу білігінің үш өлшемі¹

Кесте 7 – Академиялық жазу үдерісінің негізгі сатылары

Жазу үдерісінің сатылары	Мәтін авторының әрекеті
Идеялар генерациясы	Өткен тәжірибе мен бар білімдер негізінде тақырып бойынша ойлар мен идеялардың пайда болуы; идеяларды сұрыптау, артықтарын өшіру және ұқсастарын біріктіру.
Мәтінді құрылымдау	Ойларды маңыздылығы бойынша реттеу; мәтінді логикалық реттілік негізінде ұйымдастыру.
Бастапқы нұсқаны жазу	Сөйлемдер менабзацтерді жазу үшін «горизонтальды» (грамматикалық) және «вертикальды» (лексикалық) біліктерді қолдану.
Мәтінді түзету	Мәтінді қайталап оқу, түзету және жақсарту.

Сауаттылық аймағындағы кешенді халықаралық пәнаралық зерттеулердің кең тәжірибесінің жиналуы ғалымдарға [30, 31] кенеттен пайда болған көптеген терминдерден ең көлемдісін ажыратуға және «жаңа сауаттылық» – ақпараттық технологиялар ғасырындағы адам сауаттылығы тұжырымдамасының негізгі сипаттарын құрастыруға мүмкіндік берді. Жаңа сауаттылық екі

ұғымның жиынтығы ретінде анықталады: академиялық сауаттылық (academic literacy) және сандық сауаттылық (digital literacy) екендігі жоғарыда аталған еді.

Аустралиялық ғалым, кәсіби іс-әрекет, оқыту мен білім беру зерттеушілік институтының негізін қалаушылардың бірі (RIPPLE) – Б.Гриннің пікірінше [10, p. 36], академиялық сауаттылық үш аспектіні қамтиды:

¹ Ескерту – Дереккөз [27] Әдебиет: L.D. Latulippe, 2006

* Операциялық сауаттылық (Operational literacy) – тілдік (әсіресе жазбаша) күзиреттілік;

* Мәдени сауаттылық (Cultural literacy) – дискурс немесе мәдениетті түсіну: коммуникацияны адамдардың немесе пәннің арнаулы тобының тілінде жүзеге асыра алу білігі (мысалы, ғылыми тіл, бұқаралық ақпарат құралдарының, экономиканың, білім берудің тілі, және т.б.);

* Сыни сауаттылық (Critical literacy) – білім қалай жасалатынын және оны қалай трансформациялауға болатынын түсіну (мысалы, жазбаша мәтін – веб-сайт, газет, ғылыми мақалалар және т.б. авторы нені білдіретінін немесе қалай санайтынын түсіну білігі).

Аталған тұжырымдамадан шығатыны, академиялық сауаттылық – кең көзқараста бұл білімді тасымалдаумен, яғни сәйкес тілді қолданып сыни бағалау, ақпаратты талдау және жүйелеу, жеке ойды негіздеу білігімен байланысты дағдылар мен біліктердің жиынтығы. Білім, осылайша, басқа адамдарға академиялық жазу арқылы берілетін ақпаратты талдау мен ұғынудың өнімі болып табылады.

Жазуға оқытуда тілдің негізгі сипаттамалары көрініс табады: белгілік жүйе (әлеуметтік қызмет) және сөз (жеке дара пікір). Онда жазудың эпистемикалық және коммуникативтік қызметі көрінеді. Осыған орай, жазу біліктерін дамыту когнитивтік, сыни, аналитикалық біліктерді, сол сияқты тілді қолданудың практикалық, қызметтік дағдыларын, яғни «академиялық сауаттылық» түсінігі қамтитын барлық білікті талап етеді. Осылай, Дж.Камминс, К.Браун және Д.Сайерс [30, б. 145] көптеген зерттеу негізінде жазуға оқытудың тиімділігі көп жағдайда оқытудың дидактикалық принциптерінің академиялық сауаттылықтың дамуына қаншалықты сүйенетініне байланысты екенін дәлелдейді, сондықтан сәтті оқыту моделін жасау үшін ғалымдар келесі принциптерді қолдануды ұсынады:

1. Оқыту барысында өндірілетін

әрекеттерді терең ұғынып түсіну үшін жағдай жасау және зияткерлік біліктерді белсендіру;

2. Мәселенің шешімін іздеуде әрекет, өзін бетінше реттелетін серіктестік;

3. Білім алушыларда бар білімдер мен тәжірибемен тапсырманың байланысы;

4. Өз бетінше оқу және жазу практикасын кеңейту (өзін-өзі білімдендіру элементі);

5. Академиялық жазу үдерісі аясында сауаттылықтың даму стратегиясын анық құрастыру;

6. Әрбір білім алушыны тұлғалық әлеуетін барынша қолдай отырып жазудың шығармашылық үдерісіне қатыстыру.

Зерттеушілердің пікірінше, академиялық жазуды игеру ЕАР курсының негізі болады, өйткені жазбаша жұмыстар барлық деңгейдегі барлық оқу курсына үлкен мәнге ие (бакалавриат, магистратура, Ph.D. докторантура). Академиялық жазуды оқытудың әртүрлі әдістері бар. Жазу кейде жеке дағды ретінде оқытылады, кейде барлық академиялық дағдыны дамыту бойынша интеграцияланған курс бөлігі ретінде оқытылады. А.Р.Лурия ауызша сөзге қарағанда, жазудың негізінде «құрамдас бөліктерін саналы талдаумен сипатталатын, жанама ұйымдастырылған іс-әрекет» жатқанын айтқан [32, б. 240], яғни когнитивті мәнқұрушы іс-әрекет. Бірақ егер жазуда фонемдерді оптикалық элементке – графемдерге шифрлау негізінде ойды сөзге кодтау жүрсе, оқуда кері механизм байқалады, декодтау – сөзден ойлауға кері жол, мұнда жазылған сөз оқырманның санасында білдіретін пән немесе әрекетке айналады. Бұл идеялар Л.В.Щерб жұмыстарында көрініс тапқан, ол жазу дағдыларын оқу арқылы игерудің тиімділігі туралы ой айтқан [33]. Л.В.Щерб жазбаша сөзге білім алушылар алдын ала жұмыс істеген үлгі-мәтінге негізделіп оқыту керектігін ұсынған. Мұнда үлгі-мәтін сөз үлгілері мен клишелерінің, тілдік материалдың көзі

болады, сонысымен жазуға оқытудың мәтіндік тұғырының негізін қалайды.

Батыс ғылымында оқу мен жазуды өзара байланыста оқытуға қызығушылық конструктивизм теориясы мен социокогнитивті теорияның пайда болуымен туындады. Оның аясында оқу мен жазу әртүрлі мәдени және әлеуметтік кеңістіктердегі коммуникация құралы ретінде қарастырылды.

Ұлыбританияда АС туралы емес, жаңа мәнмәтінге ауысуы мүмкін, жоғары оқу орнында оқуға қажетті оқу, жазу, ауызша сөйлеу (оқу біліктерінің моделі аталатын) біліктері туралы айту қарастырылған, яғни бір пән немесе курс аясында аталған біліктерді студент игеріп, оларды кез келген академиялық мәнмәтінде қолдануға қабілетті болады.

Қазақстандық білім беру жүйесінде тек функционалдық сауаттылық тұжырымдамасы қолданылып келеді. Оған сәйкес «кәсіби білім алуға дайындық мәселелерін, құндылық жүйесіндегі бағдарлар мәселесін, стандартты өмірлік мәселелерді, оқу іс-әрекетінің мәселелерін шешуге» қабілетті адам функционалды сауатты саналады¹. Функционалдық сауаттылық мәселесін Мурзалинова А.Ж. (оқушылардың функционалды сауаттылығы [34]) өзінің диссертациясында кеңінен қарастырған. Біздің білуімізше, Қазақстанда жоғары білім беру мәнмәтініндегі академиялық сауаттылықтың баламалы теориялары қалыптаспаған.

Ресейде академиялық сауаттылық сұрағы соңғы 10 жылда қарастырылуда және бірқатар талқылаулар бар. Осылай Н.В.Смирнова мен И.Ю.Щемелеваның зерттеуінде «академиялық сауаттылық» термині алғаш рет қолданылады және коммуникативтік күзiреттiлiктердi дамытудың негiзi ретiнде қарастырылады. Аталған зерттеуде АС қазіргі академиялық ортада тиімді қызмет ету қабілеті ретінде анықталған: шет

тіліндегі кәсіби бағдарланған мәтіндер негізінде зерттеушілік іс-әрекетті жүзеге асыру, сыни ойлау, кәсіби мақсаттарда өзінің зерттеушілік күзiреттiлiгiн арттырумен сипатталады. Мұнда АС кілттік құраушысы академиялық жазу болып табылатынын атап өту маңызды.

Академиялық жазу батыстық білім беру жүйесінде академиялық сауаттылықтың негіздік құраушысы ретінде қарастырылып келеді. Жазу мен оның адамның зияткерлік дамуына оң ықпалы туралы көптеген зерттеуші жазды. Р.Рейх пен А.Кнопф заманауи түлектердің көпшілігі символдық-аналитикалық (symbolic-analytic services) қызмет көрсету саласында жұмыс істейтінін болжаған [35]. Авторлар болашақ мамандарға пәндік білімдерден бөлек сыни ойлау білігі – білімдерді алу, іске қосу және көрсету қажет екенін түсіндіреді. Бұл жағдайда жазу оқу үдерісінің финалдық өнімі (нәтижесі) емес, тиімді оқу әдісі болуы керек («writing-to-learn» деп аталатын тұғыр) [36].

Дүниежүзілік оқу орындарында академиялық мақсатта жазуға ағылшын тілінде оқыту (Writing for Academic Purposes) мәселесіне зерттеушілердің қызығушылығы шетелдік ғылыми басылымдардағы жарияланымдардың арқасында халықаралық танымалдылық алған ғалымдардың қарым-қатынас тілі ағылшын тілі болуына байланысты. Жарияланымдық белсенділік ғалым дәрежесі үшін де, ол қызмет ететін университет рейтингі үшін де маңызды мәнге ие. Бұған қоса, академиялық мақсатта жазудың жақсы қалыптасқан дағдылары, соның ішінде шет тілдерінің бірінде заманауи университет оқытушысының кәсіби күзiреттiлiгiнiң маңызды құраушысы болып есептеледі.

Қорытынды

Қорыта келе қазақстандық жоғары оқу орындарында зерттеушілік күзiреттiлiктi

¹ Оқушылардың функционалдық сауаттылығына арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы, №832 Қаулысы.

қалыптастыруға бағытталған ағылшын тілі курстарының мақсаты мен міндеттері қайта қарастырылуы қажет деп санаймыз. Бүгінгі таңда ағылшын тілін кәсіби мақсатта оқыту (English for Specific Purposes) туралы ғана емес, академиялық мақсатта ағылшын тілін оқыту (English for Academic Purposes, мәтінде ары қарай – ЕАР) курстары аясында зерттеушілік құзіреттілікті қалыптастыру қажеттілігі туралы айтылып жүр. ЕАР курстарының негізгі міндеті – студенттерде ағылшын тілінде жеке зерттеулер жүргізу мен оқу қабілетін дамыту қажеттілігінде. Аталған мақсатқа қол жеткізу студенттерде жалпы академиялық сауаттылықты дамытумен байланысты.

Қазіргі уақытта академиялық эссе педагогикалық қоғамның зейінін көп аулауда. Жазбаша жұмыстың аталған түрі «объективті өлшеуге» жататындығынан аралық және қорытынды есеп ретінде қабылданады. Академиялық жазу саласында үлкен практикалық жазу тәжірибесі бар оқытушылар оның көрініп тұрған жетістіктерін еске салады. Ғылыми эссемен жұмыс:

1. Білім алушыны «оқылатын пәнге байланысты мәтіндерді жүйелі жазуға» итермелейді;

2. Оны ақыл-ой пәніне үйретеді, одан «пәнге жай және ойланып енуді және жазбаша мазмұндауда өзінің ойын реттеуді» талап етеді, материалды бекітуге ықпал етеді;

3. Берілген пән саласында тілді игеруге және «академиялық сауаттылық» дағдыларын өндіруге көмектеседі, «көзқарастың маңыздылығын», ұқсастылығын, байқампаздықты жаттықтырады; «Кәсіби әңгімеге» нақты қатысу дағдыларын, «басқа пікірге төзімділікті», жеке-дара жауапкершілікті қалыптастырады;

4. Пәнаралық байланысты, зерттеушілік құзіреттілікті дамытады, жеке-дара стиль қалыптастырады;

5. Студент субъективті білімді объективті білім көздерімен үйлестіруді үйренеді;

6. Оның зияткерлік дамуын бақылауға мүмкіндік береді.

Академиялық эссені қолданудың мақсатқа сәйкестілігі мен тиімділігі еуропалық, америкалық және отандық жоғары оқу орындарында білім беру үдерісін ұйымдастырудың кейбір принциптерін қарсы қойғанда анық болады:

Кесте 1 – Білім беру жүйесін салыстыру кестесі

Еуропалық және американдық білім беру жүйесі	Қазақстандық білім беру жүйесі
Оқу үдерісі: Өзіндік жұмыс (зерттеу); Семинарлар (дискуссиялар); Интербелсенді дәрістер	Оқу үдерісі: Ағымдық дәрістер; Семинарлар (teachercentered); Өзіндік жұмыс
Есептілігі: Эссе (жазбаша жұмыс, құрылымдалған сөз).	Есептілігі: Емтихан (ауызша форма, құрылымдалған сөз).
Мәтін: 30–40 эссе (4 жыл) + диссертация.	Мәтін: 1 курстықжұмыс (4 жыл) + дипломдық жұмыс.
Эссе – жеке өзіндік идеяларды көрсету және негіздеу. Нәтиже – авторлық ғылыми шығармашылық.	Реферат – біреудің бөтен ойларын мазмұндау. Нәтиже – оқытушының, монографиялар мен мақалалардың ойы.

Білім беру менеджменті саласында мамандарды дайындау мен біліктілігін арттыру жүйесінде «академиялық сауаттылық» тұжырымдамасын іске асыру заман талабы болып отыр. Батыс Еуропа мен АҚШ жоғары оқу орындарында оқыту үдерісін ұйымдастыру қазақстандық нұсқадан мүлде басқаша. Басты талап жазбаша жұмыс істеуге бағдарланған студенттің өзіндік жұмысына қойылады. Дегенмен, біздің пікірімізше, басқа елдердегі әріптестерімізді елемеуге болмайды. Академиялық эссе жанрына жүгіну оң нәтиже береді, оқу үдерісін байытады, оны қызықты және қолданбалы қылады.

Әлемдік теория мен практика-

да ғылыми эссе жанрының канондары жасалған, оны дайындау мен жазу әдістемесі «Academic Writing for Research» атты элективті курсының мазмұнында көрініс тапты. Осылайша, «Академиялық жазу» курсының әлеуеті болашақ әлеуметтік педагогтар үшін кең мағыналы сипатқа ие болады. Егер жоғары білімді интернационализациялау үрдісін ескерсек, курс алдында тұрған міндеттерді шешу: болашақ әлеуметтік педагогтардың зерттеушілік күзіреттілігін қалыптастыруды жүзеге асырады, сонымен қатар әлемдік білім беру және ғылыми кеңістікке енуге ықпал етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мучник Б.С. Человек и текст: Основы культуры письменной речи. – М.: Книга, 1985. – 252 с.
2. Баженова Е.А. Научный текст как система субтекстов: автореф. ... док. филол. наук: 10.02.01. – Екатеринбург: Ур. гос. ун-т им. А.М. Горького, 2001. – 42 с.
3. Котюрова М.П. Об экстралингвистических основаниях смысловой структуры научного текста: Функционально-стилистический аспект. – Красноярск, 1988. – 171 с.
4. Кожина М.Н. К основаниям функциональной стилистики. – Пермь: Изд-во ПГУ, 1968. – 251 с.
5. Кубрякова Е.С. Текст и его понимание // Русский текст. – Российско-американский журнал по русской филологии. – СПб.: Лоуренс; Дэрэм, 1994. – №2. – С. 18-26.
6. Дридзе Т.М. Текстовая деятельность в структуре социальной коммуникации: Проблемы семиосоциопсихологии. – М.: Наука, 1984. – 269 с.
7. Письмо: тексты, процессы и практика / ред. Кендлин С., Хайланд К. – Лондон и Нью-Йорк: Лонгмен, 1999. – 330 с.
8. Леки И. Письменность, грамотность и прикладная лингвистика // Ежегодный обзор прикладной лингвистики. – 2000. – Vol. 20. – С. 99-115.
9. Брейн Г. Академическая грамотность и неформальный спикер Выпускник-студент // Журнал английского языка для академических целей. – 2002. – Vol. 1. – №1. – С. 59-68.
10. Зеленый В. Новый вызов грамотности // Обучение грамотности: вторичные мысли. – 1999. – Т. 7. – №1. – С. 36-46.
11. Хэмп-Лайонс Л. Английский для академических целей. Справочник по исследованиям в области преподавания и обучения на двух языках / изд. Э. Хинкемел. – Нью-Йорк, 2011. – Т. 2. – С. 89-105.
12. Hyland K., Hamp-Lyons L. EAP: вопросы и направления // Журнал для академических целей. – 2002. – Т.1, №1. – С. 1-12.
13. Щербакова И.О., Щемелева И.Ю. О некоторых аспектах обучения академическому чтению в языковом курсе в вузе // Homo Loquens: актуальные

вопросы лингвистики и методики преподавания иностранных языков: сб. науч. ст. / под ред. И.Ю. Щемелевой. – СПб., 2012. – Вып. 4. – С. 384-396.

14. Каркин С. Английский для академических целей. Справочник по исследованиям в области преподавания и обучения на двух языках / изд. Э. Хинкем. Рутледж. – 2005. – С. 86-90.

15. Академическая грамотность: заявление о компетенциях, ожидаемых от студентов, поступающих в государственные колледжи и университеты Калифорнии. – ICAS, 2002. – 82 с.

16. Кандлин С., Плам Дж. Взаимодействие с проблемами междисциплинарности в академическом письме: исследователи, студенты и преподаватели // Письмо: тексты, процессы и практика / изд. Кандлин С., Хайланд К. – Лондон; Нью-Йорк: Лонгман, 1999. – С. 193-218.

17. Харборд Дж. Письмо в Центральной и Восточной Европе: Заинтересованные стороны и направления в инициировании изменений // По дисциплинам. – 2010. – Т. 7 // <http://wac.colostate.edu/atd/articles/harbord2010.cfm>

18. Мюрри Н. Концептуализация потребностей английского языка в студентах первого курса университета // Международный журнал первого года высшего образования. – Т.1. – 2010.

19. Рамки успеха в письменной форме. – 2011 // <http://wpacouncil.org/files/framework-for-success-postsecondary-writing.pdf>

20. Аплби А.Н. Письмо и рассуждение // Обзор образовательных исследований. – 1984. – Т. 54. – №4. – 577 с.

21. Фрэнк К., Ринволлюкри М., Берер М. Побуждение к мышлению. – Оксфорд: ОУП, 1995. – 112 с.

22. Нунан Д. Методы исследования в изучении языка. – Кембридж: CUP, 1992. – 249 с.

23. Осима А., Хог А. Написание академического английского. – Нью-Йорк: Пирсон, 2006. – 337 с.

24. Смалзер В.Р. Напишите, чтобы читать: чтение. Отражение и написание. – Кембридж: CUP, 1996. – 274 с.

25. Вейгл С.С. Оценка написания. Кембриджская система оценки языка. – Кембридж: CUP, 2002. – 282 с.

26. Латулиппе Л.Д. Преподавание написания EFL в средней школе // Журнал образования. – 2006. – №23. – С. 13-19.

27. Латулиппе Л.Д. Письмо как персональный продукт. – Нью-Джерси: Рентис-Холл Риджентс, 1992. – 221 с.

28. Кирсанова К.А., Ворончихина Л.И. Формирование навыков научно-исследовательской работы студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2009. – №6-1.

29. Шерман Дж. Обратная связь: основные навыки написания для студентов старших курсов. – Оксфорд: OUP, 1995. – 184 с.

30. Камминс Дж., Браун К., Сайэрс Д. Грамотность, технология и разнообразие. – Пирсон: Аллин И Бекон, 2007. – 280 с.

31. Обучение в XXI веке: доклад и руководство по милям для навыков 21-го века // Партнерство для навыков 21-го века. – 2003. – 36 с. // <http://www.21stcenturyskills.org>.

32. Лурия А.Р. Письмо и речь. Нейролингвистические исследования. – М., 2002. – 352 с.

33. Щерб Л.В. Преподавание иностранных языков в средней школе: Общие вопросы методики. – М., 1947.

34. Мурзалинова А.Ж. Формирование функциональной грамотности учащихся при обучении русскому языку как неродному на старшей ступени школы общественно-гуманитарного направления: дис. ... док. пед. наук: 13.00.02. – 2003. – 398 с.

35. Рейх Р., Кнопф А. Работа народов. Подготовка к капитализму XXI века. – Винтаж, 1992. – 331 с.

36. Тыняла П. Написание, обучение и развитие опыта в области высшего образования // Исследования в области письменности. – 2001. – Т.7. – С. 37-56.

REFERENCES

1. Muchnic B.S. Human and text: Basics of written language culture. – M.: Book, 1985. – 252 p.

2. Bazhenova E.A. Scientific text as a subtext system: abstract. ... doctor of philology: 10.02.01. – Ekaterinburg: Ur. state. un-t them. A.M. Gorky, 2001. – 42 p.

3. Kotyurova M.P. On extralinguistic grounds of the semantic structure of the scientific text: Functional-stylistic aspect. – Krasnoyarsk, 1988. – 171 p.

4. Kozhina M.N. To the foundations of functional stylistics. – Perm: Publishing house of PSU, 1968. – 251 p.

5. Kubryakova E.S. The text and its understanding // Russian text. – Russian-American Journal of Russian Philology. – St. Petersburg: Lawrence; Dares, 1994. – №2. – P. 18-26.

6. Dridze T.M. Text activity in the structure of social communication: Problems of semiopsychology. – Moscow: Science, 1984. – 269 p.

7. Writing: Texts, Processes and Practices / eds. Candlin C., Hyland K. – London and New York: Longman, 1999. – 330 p.

8. Leki I. Writing, Literacy and Applied Linguistics // Annual Review of Applied Linguistics. – 2000. – Vol. 20. – P. 99-115.

9. Braine G. Academic Literacy and Nonnative Speaker Graduate Student // Journal of English for Academic Purposes. – 2002. – Vol. 1, – №1. – P. 59-68.

10. Green B. The New Literacy Challenge // Literacy Learning: Secondary Thoughts. – 1999. – Vol. 7. – №1. – P. 36-46.

11. Hamp-Lyons L. English for Academic Purposes. Handbook of Research in Second Language Teaching and Learning / ed. by E. Hinkel. – New York, 2011. – Vol. 2. – P. 89-105.

12. Hyland K., Hamp-Lyons L. EAP: Issues and Directions // Journal of English for Academic Purposes. – 2002. – Vol. 1. – №1. – P. 1-12.

13. Shcherbakova I.O., Schemelev I.Yu. On some aspects of teaching academic reading in a language course at a university // Homo Loquens: topical questions of linguistics and methods of teaching foreign languages: coll. sci. Art. / Ed. I.Yu. Shchemleva. – St. Petersburg, 2012. – The issue. 4. – P. 384-396.

14. Carlin S. English for Academic Purposes. Handbook of Research in Second Language Teaching and Learning / ed. by E. Hinkel. Routledge. – 2005. – P. 86-90.

15. Academic Literacy: A Statement of Competencies Expected of Students Entering California's Public Colleges and Universities. – ICAS, 2002. – 82 p.

16. Candlin C., Plum G. Engaging with challenges of interdiscursivity in academic writing: researchers, students and tutors // Writing: Texts, Processes and Practices / ed. Candlin C., Hyland K. – London; New York: Longman, 1999. – P. 193-218.

17. Harbord J. Writing in Central and Eastern Europe: Stakeholders and directions in initiating change // Across the Disciplines. – 2010. – Vol. 7 // <http://wac.colostate.edu/atd/articles/harbord2010.cfm>

18. Murrey N. Conceptualizing in English language needs of first year University students // The International Journal of the First Year in Higher Education. – Vol. 1. – 2010.
19. Framework for success in Postsecondary writing. – 2011 // <http://wpacouncil.org/files/framework-for-success-postsecondary-writing.pdf>
20. Applebee A.N. Writing and reasoning // Review of Educational Research. – 1984. – Vol. 54. – №4. – 577 p.
21. Frank C., Rinvolucris M., Berer M., Challenge to Think. – Oxford: OUP, 1995. – 112 p.
22. Nunan D. Research Methods in Language Learning. – Cambridge: CUP, 1992. – 249 p.
23. Oshima A., Hogue A. Writing Academic English. – New York: Pearson, 2006. – 337 p.
24. Smalzer W.R. Write to Be Read: Reading, Reflection, and Writing. – Cambridge: CUP, 1996. – 274 p.
25. Weigle S.C. Assessing Writing. Cambridge Language Assessment Series. – Cambridge: CUP, 2002. – 282 p.
26. Latulippe L.D., The Teaching of EFL Writing at High School // Journal of Education. – 2006. – №23. – P. 13-19.
